

Бір жолғы талондардың құнын белгілеу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 2006 жылғы 24 мамырдағы N 23-4 Шешімі. Жамбыл облысы Шу ауданының Әділет басқармасында 2006 жылғы 12 маусымда 34 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 13-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 28.03.2013 № 13-3 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексіне және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Шу ауданы бойынша қызметін дүркін-дүркін сипатта жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар үшін біржолғы талондардың құны 1 қосымшаға сәйкес және базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар қолданатын біржолғы талондардың құны 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Шу аудандық мәслихатының 2010.09.15 № 26-13 Шешімімен;

2. Аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 16 ақпандағы № 20-3 «Бір жолғы талондардың құнын белгілеу туралы» Шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6-11-27 тіркелген, 2006 жылдың 1 сәуірінде аудандық «Шу өңірі» газетінде жарияланған) күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Осы Шешім Шу аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуге алынған күннен бастап күшіне енеді, алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
І. Тортаев

Мәслихат хатшысы
Қ. Жапабаев

Шу аудандық мәслихатының 2006 жылғы
24 мамырдағы № 23-4 Шешіміне
№ 1-Қосымша

**Шу ауданы бойынша қызметін дүркін-дүркін сипатта жүзеге асыратын
Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар
үшін біржолғы талондардың құны**

**Ескерту. 1-Қосымша жаңа редакцияда - Шу аудандық мәслихатының
2010.09.15 № 23-16 Шешімімен.**

№	Қызметтің түрлері	Біржолғы талондардың құны (теңге)
1.	Сату (станционарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда):	
1)	газеттер мен журналдар	20
2)	өсімдік тұқымдар, көшеттер	30
3)	саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдер	50
4)	бал	60
5)	балық	120
2.	Жер учаскелерін өңдеу бойынша жеке тракторлармен қызмет көрсету	200
3.	Үй жануарлары мен құстарды бағу.	
1)	қала бойынша сиыр бағу	65
2)	ауыл бойынша сиыр бағу	25

Шу аудандық мәслихатының 2006 жылғы
24 мамырдағы № 23-4 Шешіміне
№ 2-Қосымша

Базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар қолданылатын біржолғы талондардың құны

**Ескерту. 2-Қосымша жаңа редакцияда - Шу аудандық мәслихатының
2010.09.15 № 23-16 Шешімімен.**

№	Сату түрлері	Біржолғы талондардың құны (теңге)
1.	Халық тұтыну тауарлары:	
1)	заттар (киімдер, аяқ-киімдер)	

	ашық сөреден	100
	жабық сөреден	150
2)	косметика және парфюмерия	70
3)	кеңсе және шаруашылық тауарлары	
	қолдан	30
	ашық сөреден	100
	жабық сөреден	150
4)	құрылыс материалдары	
	ашық сөреден	100
	жабық сөреден	150
5)	жиһаз	100
6)	балалар ойыншықтары	60
7)	қолданыста болған тауарлар	10
8)	қосалқы бөлшектер	
	ашық сөреден	100
	жабық сөреден	150
9)	кілем, паластар	100
10)	темекі өнімдері	60
11)	насыбай, әк, пісте,сыпырғыш	50
12)	нан өнімдері	60
13)	азық-түлік тауарлары (макарон өнімдері, кәмпіттер пішіні)	
	ашық сөреден	100
	жабық сөреден	150
14)	кондитерлік өнімдер	60
15)	ұн, қант	
	ашық сөреден	100
	жабық сөреден	150
16)	салаттар	50
17)	талқан, тары	20
18)	саксаул	30
19)	арпа, бидай ұнтақтары	50
20)	кептірілген жемістер	100
21)	жеміс-жидектер	
	қолдан	40
	ашық сөреден	100
	жеңіл автокөліктен	100
	2 тонналық жүк таситын автокөліктен	150
	2 тоннадан аса таситын автокөліктен	200
	3,5 тоннадан аса таситын автокөліктен	300

22)	сүт тағамдары (сүт, қымыз, шұбат, боза)	40
23)	сары және сұйық май	60
24)	тірі мал (әр бастан):	
	ірі қара, жылқы	100
	қой, ешкі	50
	қозы	30
	құстар	20
25)	Қызметтер көрсету:	
	кілт жасау, пышақ қайрау	30
	аяқ-киім жөндеушілер	30

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК